



МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА

Т.Рыскүлов ауданы білім бөлімі Сізге, білім алушыларды табиғатты қорғау қызметіне тарту, экологиялық мәдениетті және туған өлке табиғатына экологиялық бағдарланған қатынасты тәрбиелеу мақсатында 2026 жылдың 10 наурыз күні «**Табиғатты аяла**» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің аудандық форумы қашықтықтан ұйымдастырылып өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Аудандық байқауға жалпы орта, негізгі, қосымша білім беру ұйымдарының оқушылары қатыса алады.

Байқауға қатысу туралы сұраныстар **2026 жылдың 9 наурыз күнінен кешіктірілмей қабылданады.**

Осыған орай, байқаудың ережесі қосымша жолданады.

Қосымша: 6 парақта

Басшының міндеттерін
уақытша атқарушы

Самылтыров

Б.Самылтыров

Орындаған: Г.Ногайбаева
Тел: 2-14

«БЕКІТЕМІН»
Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшының
міндеттерін уақытша атқарушы
Самылтыров **Б.Самылтыров**
«12» ақпан 2026 ж.

«Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің аудандық форумын қашықтықтан өткізу ережесі

I. Жалпы ережелер

1. «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің аудандық форумын қашықтықтан өткізу ережесі (бұдан әрі – Форум) оның мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру форматын, өткізу тәртібін анықтайды.
2. **Форумның мақсаты:** білім алушыларды табиғатты қорғау қызметіне тарту, экологиялық мәдениетті және туған өлке табиғатына экологиялық бағдарланған қатынасты тәрбиелеу.
3. **Форумның міндеттері:**
 1. қоршаған ортаны қорғау міндеттерін шешуде олардың кәсіби өзін-өзі анықтауына ықпал ету, білім алушыларды практикалық қатысуға тарту үшін жағдай жасау;
 2. білім алушылардың табиғи және жасанды экожүйелерді зерттеу мен сақтау бойынша қызметіне қызығушылықтарын қолдау;
 3. білім алушылар мен педагог қызметкерлер арасында шығармашылық байланысты орнату және жұмыс тәжірбиесімен алмасу;
 4. еліміздің жас тұрғындарында экологиялық мәдениетті адамзат алдында тұрған ғаламдық мәселелер тарапынан белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру;
 5. балаларды іс-шараларға араластыру арқылы қосымша білім беру жүйесіндегі қамтылуын көтеруге жағдай жасау.
 6. Форумды ұйымдастырушылар Ұйымдастыру комитетінің және әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады, тікелей өткізуді жүзеге асырады, нәтижелерді талдайды және қорытындысын шығарады.

II. Форумды өткізу мерзімі мен тәртібі

Форум 4 кезеңнен: мектепшілік іріктеу, аудандық іріктеу, облыстық және республикалық кезеңдерінен тұрады.

Аудандық байқау **2026 жылдың 10 наурыз күні (қашықтықтан)** өткізіледі.

Осыған орай, байқауға жалпы орта мектептер, қосымша білім беру мекемелерінің білім алушылары қатысатынын ескере отырып, сұраныстарды қосымша берілген үлгіге сәйкес толтырып, abb_gauharjan@mail.ru электронды поштасына **2026 жылдың 9 наурызына дейін жолдауларыңызды сұранамыз.**

Анықтама үшін: байланыс телефоны: 87087157381 *Ногайбаева Гаухар Жанатқызы* – аудандық білім бөлімінің әдіскері.

2026 жылдың 09 наурыз күнінен кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Өтінімге қоса тіркеледі:

1. Форум-байқаудың аудандық кезеңіне қатысуы туралы өтінім, қатысушылар туралы мәліметтер (Т.А.Ж., туған жылы, сыныбы, оқу орны, мекен-жайы және білім беру ұйымының мекен-жайы, телефоны);

2. Қатысушылар мен топ жетекшісінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

3. <http://www.youtube.com> каналында орналастырылған бейнематериалдарға сілтеме (бейне сапалы, тоқтаусыз бірыңғай бейнемен жазылуы керек).

Форум-байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары білім беру мекемелеріне таратылады.

Форумға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Форумның ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

III. Форумға қатысушылар

Форумға мектепшілік кезеңдерінің жеңімпаздары – жалпы орта мен қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады.

Қатысушылардың жасы: 12-17 жастағы білім алушылар.

Қатысушылардың жалпы саны – 9 білім алушы.

Ескерту: қатысушылар саны номинацияда көрсетілген бала санынан аспау керек!

IV. Форумды өткізу тәртібі мен шарты

Форумның номинациялары:

1. “EcoCraft - экологиялық қолөнер” номинациясы - 1 қатысушы
2. “Жасыл сахна” номинациясы - 4 қатысушы
3. “Экоблогер” әлеуметтік бейнеролик номинациясы - 1 қатысушы
4. “Жасыл идея” номинациясы - 3 қатысушы

Форум келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1. “Жасыл идея” номинациясы - зерттеу жобаларының байқауы:

а) табиғи ресурстарды үнемдеуге, қалдықтарды азайтуға, экологиялық ластану деңгейін төмендетуге және табиғи экожүйелерді қалпына келтіруге мүмкіндік беретін қоршаған ортаны қорғауға бағытталған технологиялар (1 қатысушы);

б) болашаққа көзқарас - экологиялық білім беру жобалары, жасыл клуб, жасыл мектеп, волонтерлік жобалар және қоғамдық ұйымдардың іс-шаралары (1 қатысушы);

в) инновациялық экологиялық бизнес-идеялар - тұрақты бизнесті дамыту, экологиялық таза технологиялар мен өмір сапасын жақсартуға бағытталған бастамалар (1 қатысушы)

Номинация бойынша жобаның презентациясына сілтеме <http://www.youtube.com> арнасына орналастырылады.

Жобаның презентациясы - **15 беттен аспауы тиіс.**

Бағалау өлшемдері:

Зерттелген мәселенің өзектілігі мен жаңалығы (басымды);

Жүргізілген зерттеулердің дәрежесі мен көлемі;

Қойылған міндеттерді орындау нәтижелігі (басымды);

Жұмыстың практикалық маңыздылығы мен тиімділігі;

Автордың қосқан жеке үлесі.

2. “Жасыл сахна” номинация - оқушылардың қатысуымен өзекті экологиялық мәселелерді креативті әрі тартымды театрландырылған формада бейнелеуге арналған бейнероликтер байқауы (қойылымда 8 персонаждан артық болуына жол берілмейді). Театрландырылған қойылымға тек **4 қатысушы** қатысады.

Қатысушылар сценарийді, кейіпкердің бейнелерін, костюмдерін және сахналық безендіру элементтерін өз бетінше әзірлейді (реквизиттер мен деклорациялар). Дайын театрлық костюмдерді қолдануға тыйым салынады. Бейнероликтің ұзақтығы - **10 минуттан аспауы тиіс.**

Аталған номинация бойынша <http://www.youtube.com> арнасында орналастырылған бейнематериалға сілтеме жіберіледі.

Бағалау өлшемдері:

Номинация тақырыбына сәйкестігі;

Актерлік шеберлік, мәнерлілік және сахналық сөйлеу (басымды);

Репертуардың күрделілігі мен жаңашылдығы, сценарийдің бірегейлігі (басымды);

Костюмдер, кейіпкердің бейнелері (басымды);

Декорациялар мен сахналық кеңістіктің эстетикасы;

Бейнероликтің техникалық және музыкалық сүйемелдеуі.

3. “Экоблогер” әлеументтік бейнеролик номинациясы - экология тақырыбында әлеументтік желілерге арналған ағартушылық және қоғамдық пікір қалыптастырушы бейнематериалдарды анықтау, қолдау және жасанды интеллект технологияларын саналы қолдануды насихаттау (**1 қатысушы**)

Бейне автордың жеке идеясына негізделуі және экологиялық проблемаларды, табиғатты қорғау мәдениетін ашуы тиіс. Видео әлеументтік желілерге бейімделген форматта ұсынылады (горизонталды). Ұзақтығы - **5 минут**.

Дайын роликтерді қайта жүктеу немесе басқа авторлардың контентін пайдалану **рұқсат етілмейді**. Дыбыс, монтаж, визуал сапасы талапқа сай және анық болуы керек. **ЖИ тек көмекші құрал ретінде** қолданылуы мүмкін: скрипт генерациялау, визуалды элементтерді жетілдіру, монтажды жеңілдету, инфографика жасау. Бүкіл бейнероликті толық ЖИ құрастырған жұмыстар **қабылданбайды**.

Байқауға <http://www.youtube.com> арнасында орналастырылған бейнематериалға сілтеме жіберіледі.

Бағалау өлшемдері:

стилистикалық шешім;

практикалық қолданылымы (басымды);

креативтілігі (басымды);

әлеументтік маңыздылығы;

бейнематериал сапасы (басымды);

4. “EcoCraft - экологиялық қолөнер” номинациясы - оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, тұрмыстық қалдықтарды креативті пайдалану дағдыларын дамыту және қайта өңдеуге болатын материалдардан бұйым жасау арқылы экологиялық жауапкершілікті арттыру (**1 қатысушы**).

Жұмыс қайта өңдеуге болатын материалдарын, тұрмыстық қалдықтардан, қаптамалардан, қолданудан шыққан заттардан жасалуы тиіс. Әр қатысушының жұмысы дайын бұйымдарды қолдануға **рұқсат етілмейді.**

Жұмысқа жапсырма (этикетка) (6x6 см) қоса тіркеледі, онда жұмыстың аталуы, қатысушының Т.А., жасы, білім беру ұйымы, аудан, облысы, жетекшінің Т.А. көрсетіледі.

Бағалау өлшемдері:

Тақырыпқа сәйкестігі;

Түпнұсқалық (басымды);

Практикалық (басымды);

Жобаның эстетикалық көрінісі;

Ұқыптылығы;

Құрылымдық беріктігі;

Өсімдік материалдарының өміршеңдігі (бар болса);

Жобаны орындау сапасы.

Аталған номинация бойынша <http://www.youtube.com> арнасында орналастырылған бейнематериалға және фотосуреттерге сілтеме жіберіледі.

Әр номинацияға қатысу міндетті.

V. Форманың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау.

Қазылар алқасы байқау жұмыстарын 10 балдық жүйе бойынша Форумның бағалау өлшемдеріне сәйкес бағалайды. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және хаттамамен рәсімделеді.

Форумның қорытындысы бойынша қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежедегі дипломдармен марапатталады.

**“Табиғатты аяла” жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зертеушілерінің
аудандық форумына қатысуға өтінім**

Жұмыстың аталуы/ (Сілтеме)	Орындаушының Т.А. (құжатқа сәйкес)	Туған күні	Тұрғылықты мекен-жайы, электр.пошта, телефон	Білім беру ұйымы, сынып	Жетекшінің телефоны, электрондық поштасы
“EcoCraft - экологиялық қолөнер” номинациясы - (1 қатысушы)					
“Жасыл сахна” номинациясы - (4 қатысушы)					
“Экоблогер” әлеументтік бейнеролик номинациясы - (1 қатысушы)					
“Жасыл идея” номинациясы -(3 қатысушы)					